В процессе выделения крестьянских и фермерских хозяйств, процедура получения земельной доли в случае выхода из сельскохозяйственного кооператива или хозяйственного товарищества с целью организации крестьянского или фермерского хозяйства, очень часто оказалась трудно выполнимой. На практике, в обход законодательства крестьяне сдают в субаренду более эффективным собственникам земли, на договорных условиях, оформленных в форме простых товариществ.

Не произошло больших изменений в сельскохозяйственных предприятиях (ТОО, ПК, АО) в постреформенный период, практически сохранилась действовавшая система управления и механизм внутривозрастных отношений. К примеру, производственные кооперативы как прежде сохранили колхозную систему ведения хозяйства. Производственные кооперативы имеют незначительную долю в общем объеме посевных площадей сельскохозяйственных угодий, в поголовье крупного рогатого скота, производстве пшеницы, молока. Производственные кооперативы не имеют оборотных средств на развитие производства, значительные задолженности и соответственно сокращением их количества в 2 раза за последнее десятилетие. В производственных кооперативах нарушаются кооперативные принципы, в частности полная хозяйственная самостоятельность, право получения собственности на соответствующую долю коллективного имущества, включая землю, добровольность членства в кооперативе, право выхода со своим имущественным паем и др. Эти факторы не стимулируют сельскохозяйственных товаропроизводителей работать в производственном кооперативе, что привело к банкротству большинства действующих кооперативов данного вида.

Формы участия фермеров в кооперации могут быть различными: от простого участия на основе хозяйственных договоров, договоров о совместной деятельности (простое товарищество), до полного объединения собственности и потере ее натурально-вещественной формы при вложении части либо всего имущества в уставный капитал (фонд) кооператива, акционерного общества или других организаций. Участие малых сельхозпредприятий и крестьянских (фермерских) хозяйств республики в сельскохозяйственной кооперации и интеграционных процессах позволит им усилить свои производственные возможности,

обрести стабильные рынки сбыта продукции, снизить расходы и потери, получить необходимое оборудование на определенных условиях, повысить соответственно доходность производства.

Важным, при формировании кооперативов, является определение условий их функционирования, т.е. отношения кооперирующихся субъектов. Эти отношения должны обеспечивать равные возможности получения выгод от совместного функционирования, должны выполняться и определенные обязательства субъектов по ведению деятельности кооператива. Кооператив (или «товарищество») будет функционировать эффективно при условии взаимной цепочки гарантий.

Гарантией выполнения взаимных обязательств является Учредительный договор и Устав кооператива. Учитывая, что кооператив создается в целях взаимовыгодного сочетания интересов товаропроизводителей в совместном производстве, необходимо формировать и определенную систему управления по обеспечению выполнения этих целей. Высшим органом управления должно быть общее собрание учредителей кооператива. Решение проблемы укрупнения сельхозформирований возможно путем организации специализированных предприятий на основе межхозяйственной кооперации в отраслях животноводства. В соответствии с Законом РК «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий» определено, что «создание специализированных организаций» будет обеспечено государственным регулированием и поддержкой [1].

Выделение специализированных предприятий по откорму скота обеспечивает условия для организации покупки молодняка из хозяйств населения, т.к. здесь сосредоточено основное поголовье скота. Внутриотраслевая специализация в животноводстве, создает предпосылки укрупнения размеров производства, применения передовой технологии, рационального использования капитальных вложений. Кроме того, создание специализированных предприятий определяет возможность поставки скота на перерабатывающие предприятия крупными партиями. Доведение сельхозформирований до оптимальных размеров, адекватных требованиям современного развития производительных сил требует определенного времени и процесс этот должен проходить добровольным путем, при активной поддержке государства и частных инвестиций.

Список литературы:

1. Закон РК «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий (от 8.07.2005 г.)», №66-ІІІЗРК.
2. Искаков Е.К., Смаилов Б.А. Основные пути совершенствования хозяйственных отношений в сельхозформированиях // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. - 2013. - №3. - С.39-49.
3. Примбетова С.Ч. Преимущества и необходимость развития сельскохозяйственной кооперации / С.Ч. Примбетова // Казахстан-Спектр-2007- №3- С. 56-65.

ӘӘЖ: 349.2

Мизамбаев Е.А.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан, Талдықорған қаласы. nazken_g@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТ ТӨРЕЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Қазіргі азамат өркениетінің алдыңғы қатарлы құндылықтарының және әлемдік саяси ойдың даму сатылары мен бүгінгі бағыттарын білу қазақ жұртшылығына аса қажет. Қазіргі таңда мемлекеттің өзі түбірлі, күрделі өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Азаматтық қоғамның одан әрі дамуына сот жүйесінің тигізер әсері де, мәні де жоғары. Демек, Қазақстан

Республикасындағы сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. «Қазақстан Республикасының сот әділдігін тек сот қана жүзеге асырады,» – деп Ата заңымызда бекітілген [1]. Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев Судьялардың VII съезінде сөйлеген сөзінде сот – құқықтық реформа «сот жүйесінің тиімділігіне байланысты түбегейлі проблемаларды шешуді көздейді, бұл мемлекеттің әрі қоғамның басты назарында болуы керек деп атап көрсеткен» [2].

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдары биліктің басқа тармақтары тәріздес сот жүйесінде де біршама реформалар жүргізіліп, демократиялық, әлеуметтік, құқықтық мемлекеттің қажеттілігі негізінде, сонымен қатар жаңа заман талабына сәйкес жетілдіріліп, даму үстінде. Қазіргі кезде сот билігі барлық қажетті белгілерге ие және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерді қолданыстағы заңдардың шегінде шешуді қамтамасыз ете отырып, оларды болдырмауға қабілетті күш болып табылады. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру сот өндірісін одан әрі демократияландыруды, судьяларды қандай да бір қысымнан және олардың қызметіне араласудан қорғауды көздейді. Олар тек заңға бағынады. Алайда, судьялардың өз қызметіне араласпау презумпциясын пайдалана отырып, түрлі деңгейдегі құқықбұзушылықтарды бөгетсіз жасауына, яғни сот әділетсіздігіне жол беруге болмайды. Судьялардың заңды жауапкершілігінің кейбір аспектілерін қарастырып өтейік.

ҚР Конституциясынан қарастырар болсақ, мұнда арнайы «Сот және сот төрелігі» деп аталатын – VII бөлім бар. Осы бөлімнің 75 – бабының 1 – тармағында, – Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады, ал 2-тармағында, – Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады делінген. Келесі 76-баптың 1 – тармағында, – Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. 2 – тармағында, – Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады деп бекітілген [1,43]. Осы сот билігі жөнінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңынан көрейік. Бұл заңның «Жалпы ережелер» деген 1 – бөлімінің 1 – бабында «Сот билігі» деп аталады. Мұнда Ата заңның аталмыш бабын тереңірек қарастырған. Осы 1 – бапта, - Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқабилер арқылы соттарға ғана тиесілі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кезкелген заңсыз шешімдері мен іс - қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі. Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады, – делінген. Демек, осы қарастырған мұндай анықтамалардың өзінде *сот билігінің* бүкіл қызметі (функциясы), мақсаты, белгілері, өкілеттігі, бағыты және де қандай жолмен, кімнің орындайтыны толықтай дерлік қамтылған. Бұлардың барлығын жеке – жеке қарастырып та анықтама беруге болады. Өйткені, негізгі анықтамадан қалғандары таралатыны анық. Әрине, мұндай анықтаманы тек күрделі, кең

мағынадағы анықтама деуге болады. Әдетте, оның қысқаша түрін, яғни тар мағынада түсіндіруге де болары анық, тек қана «сот билігі – дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беру мақсатында.

Бүгінгі күні сот билігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің дербес тармағы ретінде қалыптасты деп сеніммен айтуға болады. Соңғы жылдары сот билігінің органдарында көптеген тиімді қайта құрулар мен реформалар жүргізілді, олар қарқынды дамып келе жатқан қоғамдық қатынастарға жауап береді [1]. Бұл ретте, «зандар табиғатқа және үкімет белгілеген принциптерге сәйкес келуі керек, елдің физикалық қасиеттеріне: оның климатына, халықтарының өмір сүру образына, мемлекет құрылысының жол беретін бостандықтар деңгейіне, сауда-сатыққа, құқықтарға, дәстүрлерге сәйкес келуі керек екендігін» ескеру қажет. Осы мәселе бойынша, экономиканың даму, халықтың құқықты ұғыну деңгейін, соттардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық жағынан қамтамасыз ету мәселелерінің ерекше орнының қайда екенін ескере отырып, сот жүйесін жетілдіру кезең-кезеңмен жүретін процесс болып табылады.

Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру ретінде соттардың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасау, оларды кадрлық, қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстармен қамтамасыз ету ұғынылады. Мемлекеттің кез келген органының қызметі сияқты сот органдарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету міндеті осындай қызметтің негіздерін басшылыққа алатын негізгі идеяларда көрінетін белгілі бір қағидаттардан жасалады. Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру қағидаттары. Бірінші кезекте заңдылық қағидаты сияқты негізгі қағидатты, яғни соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды ҚР заңнамасында белгіленген шеңберде және тәртіпте қатаң жүзеге асыруда атап өту қажет. Сондай-ақ барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және біртұтас Конституцияда, сот жүйесі туралы конституциялық заңда, іс жүргізу және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген сот төрелігі қағидаттары басшылыққа алынуға тиіс. Р.А. Беленков мынадай 3 қағидатты бөліп көрсетеді:

- соттардың кадрлық, қаржылық және өзге ресурстарда мұқтаждықтарын толық қанағаттандыру;
- соттардың сот төрелігін жүзеге асыру кезінде араласпау және судьялардың тәуелсіздігі қағидаттарын қатаң сақтау;
- соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар нақты істі қарау кезінде соттарға қандай да бір нұсқаулар беруге құқығы жоқ, ал соттар, егер олар берілсе, осы нұсқаларды орындауға міндетті емес (әрі құқығы жоқ). Осы тұрғыдан келгенде қазіргі таңдағы сот билігі саласы күрделі реформалармен толығып, түлеп-түрленуде. Өзіндік жаңа сипат пен сапаға ие болып отыр.

Соңғы кездері Қазақстан Республикасында билікті бөлу процесінің біршама жақсы жолға қойылғаны айқындалып келеді. Сол себепті биліктің үш тармағының өзара үйлесімді жұмыс істеуін үйлестіру саясаты біршама жақсы жетістіктермен көрініс тапты. Соның бір айғағы ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі Комитетінің құрылуын айтуға болады. Бұл жетістіктің ерекшелігі сол судья тәуелсіздігінің әлеуметтік-экономикалық кепілінің сақшысы болуында. Әрине, бұдан судья тәуелсіздігінің басқа да кепілдіктері маңызға ие болмайды деген түсінік қалыптаспауы керек, керісінше олар бірін-бірі толықтырып, біте қайнасып жатқан құбылыс деп бағалағанымыз абзал.

Тәуелсіз, дана халық судьялары ретінде ерте заманда билер жүзеге асыратын сот төрелігі сол дәуірде осындай қатаң талаптарға жауап беретін. Билер соты өзінің пайда болу құрылысы мен нысаны бойынша демократиялық түрде болып, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлермен қалыптасқан қоғамның сол кездегі әлеуметтік-саяси құрылысына толығымен жауап беретін. Билер сотының қызметін қамтамасыз етудің регламенттелген және егжей-тегжейленген ұйымдастырушылық-құқықтық негізі болмаса да, сот құрылысының нақ осындай нысанының пайда болуына сол уақыттағы қазақ қоғамының рулық құрылысы – көшпелі шаруашылық септігін тигізді. Билер сотының қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық жағынан қамтамасыз ету мәселесі неғұрлым тереңдетілген және арнайы

зерттеулерді талап ететініне қарамастан, біз қазақтың мемлекет болып қалыптасуында, сот билігінің қалыптасуы мен жалпы адамзаттық құндылықтардың дамуында билер сотының тарихи рөлін мойындауымыз қажет [3].

1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы екінші Конституцияның қабылдануына байланысты соттарды ұйымдастыру және оның қызметін құқықтық реттеудегі жаңа кезең басталды. Конституция төрелік соттар мен Конституциялық Сотты таратып, заңмен құрылатын Жоғарғы Сот пен жергілікті соттарды енгізетін бірыңғай сот жүйесіне оралды. Бұл ретте, сот жүйесі Конституциямен және Конституциялық заңмен анықталды. Жаңа Конституцияның қабылдануы соттар туралы заңнаманың одан әрі жетілдірілуіне алып келді. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығына сәйкес, халық заседательдері институты жойылды. Қазақстанда сот төрелігі, тұрақты негізде жұмыс істейтін, тек кәсіби судьялармен жүзеге асырыла бастады. Президенттің 1995 жылы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы шықты. Осы жарлық конституциялық нормаларды бекітетін және дамытатын жалпы мәселелермен қатар принципті тұрғыда жаңа сәттерді қамтыды. Бұл сот жүйесін реформалаумен байланысты барлық негізгі мәселелерді реттейтін алғашқы кешенді акт болды және Қазақстанда дербес билік тармағы ретінде сот билігінің одан әрі қалыптасуы мен нығаюы үшін үлкен маңызы болды. Осы Жарлық судьялардың тәуелсіздігі принципін бекітті, бұл судьялардың тұрақтылығы және қол сұғылмайтындығы, сотты құрметтемегені үшін жауапкершілік секілді нормаларды бекітуді қамтамасыз етті. Жаңадан құрылған органға Әділет министрлігінен және оның аумақтық құрылымдарынан облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың қызметтерін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету, сондай-ақ атқарушы құжаттарды дер кезінде орындауды қамтамасыз ететін функциялар мен өкілеттіктер берілді. Осы қадам сот жүйесінің тәуелсіздігін шынайы түрде күшейтуге, сот-құқықтық реформаның қарқынын жылдамдатуға бағытталды. Комитет және оның облыстардағы, Астана және Судьялардың ауыспаушылығы, олардың тәуелсіздігінің кепілі, оларға қол сұқпаушылық, судьялардың негізгі міндеттері, судья қызметінің басқа қызметпен сыйыспайтындығы, судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар, оларды іріктеу тәртібі, судьяларға өкілеттіктер беру тәртібі, судья өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату, соның ішінде орнынан түсу негіздемесі мен тәртібі, судьяларды тәртіптік жауапкершілікке тартудың негіздері мен тәртібі, тәртіптік жазалардың түрлері, бекітілген, судьяларды материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету, соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелері регламенттелген. Конституциялық заңда аудандық, облыстық және оларға теңестірілген соттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотын құру тәртібі, құрамы, құрылымы, өкілеттіктері, олардың қызметін ұйымдастыру мәселелері реттелген [4]. Сонымен, сот билігі әділдік пен заңдылық қағидаларының үстемдігін бекіте отырып, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қабілетті, өзін қоғамды әлеуметтік қақтығыстардан сақтаудың тұрақты факторы ретінде орнықтырды. "Соттармен арадағы құжат айналымы мәселесі бірте-бірте қағаздан электрондық форматқа ауыстырылып, судьялар мен сот қызметкерлері жаңа заман талаптарына сай жұмысын жүзеге асыруда. Қазіргі күні аталмыш жүйені білмейтін судья немесе сот қызметкері кемде кем. Өйткені, біздің тарапымыздан мемлекет қаражатын, халықтың уақытын үнемдейтін бұл жүйе бойынша арнайы оқу дәрістері тұрақты түрде өткізіліп, технологиялар күн сайын жетілдіріліп отырса, біз де одан қалыс қалар емеспіз. Қазіргі күні өзіңіз білетіндей «электрондық үкімет», «электрондық сот өндірісі» деген ұғымдар біздің санамызға толыққанды еніп, енді міне Үкімет пен өзге мемлекеттік органдармен арадағы құжат айналым толыққанды электрондық форматқа көшірілуде."– дейді өз сұхбатында Б.Жұмағұлов [5]. Сот жүйесі мемлекеттің негізін құрайтын, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруы жолындағы демократиялық даму тетіктерінің бірі болып табылады. Азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа қатынасы және қоғам тарапынан билікке сенім білдіру деңгейі сот төрелігін тиімді

жүзеге асыруға тікелей байланысты болатыны анық. Осы айтылғанның маңыздысы да, ең алды адам, оның тағдыры, сондықтан да әрқашан адам құқығы, оның заңды мүддесі биік тұрғыда болып, заңға сәйкес қорғалуы да қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, Жеті жарғы, 2017. – 48 бет.
2. ҚР судьяларының VII съезі.//<http://sud.gov.kz/kaz/kategoriya/sudyalardyn-vii-sezi>
3. Нарикбаев М.С. Казахстан: судебно-правовая реформа и дальнейшие пути ее совершенствования. В сб.: Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения. – Астана
4. Зиманов С.З. Казахский суд биев в памяти поколений. – Юрист. №1, 2008. – С.32.
5. Мақсат – сот жұмысын сапалы ұйымдастыру!// <https://egemen.kz/article/maksat-%E2%80%93-sot-zhumysyn-sapaly-uyumdastyru?sit.27.12.2017>.

УДК 338.16

Г.Т.Самиева, Н.Ш.Шоқанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы, Nazerke_shokankyzy@mail.ru

ШҚО ТУРИЗМІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Шығыс Қазақстан облысының мәдени-танымдық туризмді дамыту үшін үлкен әлеуеттік мүмкіндіктері бар. ШҚО-ның тек қазақстандық қана емес, сонымен қатар әлемдік туристік нарықта әлеуетті бәсекеге қабілеттілігін көрсете алатын айырықша табиғи-географиялық, климаттық, бальнеологиялық, мәдени-тарихи ресурстары бар.

Қазақстанның халықаралық туризмге енуінің өзіндік болашағы бары белгілі. Біздің әлеуетті нарықтарымыз – Ресей, Қытай, Еуропа, Таяу Шығыс. Тек Ресей мен Қытайдың өзі ғана 150 миллионнан астам туристермен қамтамасыз етеді. Бүгінде Қазақстан 52 елмен визасыз режимге көшу жөнінде келісімдер жасалған.

Солдай бола тұра Қазақстан туризмінің бүгінгі даму қарқыны бар әлеуетті толық пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Әлемде біз жайлы туристік мақсатпен баруға тұратын ел ретінде әлі өте аз біледі. Бірнеше халықаралық жәрмеңкелерге қатысу күтетін әсерге қол жеткізуге мүмкіндік бермей отыр. Туристік саланың дамуының төмен деңгейі елдің туристер үшін жағымды имиджін қалыптастыру мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулердің жоқтығымен де тікелей байланысты. Қазақстанда туризм саласында белсенді PR-кампаниялар, имидждік жобалар жасау мәселесі бойынша кешенді және жүйелі талдаулар жүргізетін ғылыми-зерттеу құрылымы жоқ. Елімізде қалалар мен аймақтардың туристік имиджін көтерумен шұғылданатын мықты мемлекеттік-жекеменшік ұйымдар да жоқ. Аналитиктердің айтуынша, «туркомпаниялардың 80 пайызынан астамы қазақстандықтардың шет елдерде демалуын ұйымдастырумен шұғылданады, демек, олар шетелдік турөнімдерді сату-сатып алумен айналысады».

Осыдан келіп, республиканың қазіргі туристік нарығындағы жағдай маркетингті қолдануды, жаңа тұтынушының басты ерекшеліктерін зерттеуді, туристік қызметтерді қолданушының уәждемесі мен мінез-құлық ерекшеліктерін айқындауды талап етеді. Сол себепті туристерге арналған экспресс-жолсілтеуші ақпараттық өнімдерді дайындаудың маңыздылығы өз-өзінен айқындалады.

ШҚО туризм саласы қай бағытта дамиды?

Шығыс Қазақстан облысы туризмді дамытуға ең қолайлы өңірлердің бірі. Облыс аумағында Алакөл мен Зайсанға, Алтайға, Қатонқарағайға, Берел қорғанына саяхаттап келетін туристер саны аз емес. Тек олардың басым көпшілігі өз азаматтарымыз. Яғни, облыста негізінен ішкі туризм ғана әлсін-әлсін дамып келеді.

Өңірдегі инфрақұрылымды дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 4 млрд теңге бөлініпті. Бұл қаражаттың басым бөлігіне жолдар жөнделмек. Атап айтқанда, 112 шақырым тас жолға орташа деңгейдегі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Оның 112 шақырымы облыстық маңызға ие трассалар. Туристердің басым көпшілігі Қазақстанның өзге өңірлерінен келетіндіктен ең алдымен солардың жүріп-тұруы үшін ыңғайлы жағдайлар жасалады[1].

Жалпы, биыл Алакөлдің жағалауына жүргізілген реконструкция нәтижесінде демалыс аймағы адам танымастай болып өзгерді. Бұл жұмыстар әлі де болса жалғасуда және ол үшін жергілікті бюджеттен 500 миллион теңге бөлінген. Қазіргі таңда жағажай күрделі жөндеуден өтіп, жаңа автовокзал өз жұмысын бастады. Сондай-ақ, туристердің автокөліктері үшін тұрақ салынып, көшелер мен жағажайды жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Бұдан бөлек Алакөл жағасында жаңа саябақ та салынған. Мұнда қазір көгалдандыру жұмыстары әлі жалғасып жатыр.

Туризм басқармасындағылардың айтуынша, нысандардың инфрақұрылымын жақсарту, бағаларды реттеу, демалыс орындарының санын арттыру секілді шаралар да қолға алынған.

Қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысы ішкі туризмнің даму көрсеткіші бойынша республикада Астанадан кейінгі екінші орынды алады. Тек 2016 жылдың алғашқы 9 айының өзінде өңірге 400 мыңға жуық турист саяхаттап келіпті. Биыл қаңтар-маусым айларында қонақ үйлер мен демалыс орындарына келген туристер саны 169 274 адамды құраған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,6 пайызға аз. Дегенмен, қонақ үйлерге соқпай, тек табиғатты тамашалап кететін саяхатшылардың саны күрт артып отыр (10 681 адам – 31,8%-ға артқан). Жалпы, облыста қонақтардың қонуына арналған 463 қонақ үй бар. Олардың барлығында 8516 бөлме, 26 370 орын бар.

Облыстық Туризм басқармасы басшысының айтуынша, ішкі туризм жайын реттеп алған соң шетелден келетін қонақтардың санын арттыруға да күш жұмсалатын болады. Өзірге көрші Қытай мен Ресей азаматтарына басымдық берілмек. Қазірдің өзінде шетелдіктерге турпакет сатуға арналған TourEast.kz интернет-порталы төрт тілде (қазақша, орысша, ағылшынша және қытайша) жұмыс істеп тұр. Порталда 18 туроператор 35 бағыт бойынша өз қызметтерін ұсынады. Сондай-ақ, көрші елдердің БАҚ өкілдері арқылы жарнамалық роликтер айналып жатыр. Ал, Қытай азаматтары үшін визасыз режим іске қосылған.

Енді осы «Алтай жауһарларын» жүзеге асыру мақсатында ШҚО-да бірнеше қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің де жұмыс істей бастағанын айта кету керек. Солардың бірі, әрі ең ірісі – Шығыс Қазақстан облысының Туристік қауымдастығы. Ұйымның құрылғанына әлі бір жыл болған жоқ. Дей тұра өңірдің туризм саласын дамыту үшін ұйым өкілдері тындырымды істер атқарып жүр. Қауымдастық атқарушы директоры Серік Жүнісовтің айтуынша, «Алтай жауһарлары» кластерінің орталығы ретінде Өскемен қаласы бекітілген.

Өскеменнің іргесінде сондай-ақ, Алтай Альпісі, Нұртау, Алтай барыстары секілді тау-шаңғы базалары бар. Алтай Альпісі ТМД елдері арасында ең үздік 10 шаңғы курортының қатарына енеді [2].

Туризмді дамытуда орын алып отырған қиыншылықтар немесе мәселелер.

Туризм саласының дамуы, елде салыстырмалы түрде жақын арада басталды. Бірақ жылдан-жылға бұған көбірек мән берілуде. Шетелдік туристік ұйымдардың өркендеп өсуінің бірден бір көзі олардың көрсететін қызметтерінің сан алуандығы мен сапасы болып табылады. Ал біздің елімізде бүгінгі таңда барлық қажетті атрибуттары бар толыққанды біртұтас туризм жүйесі әлі жоқ.

- Туристік ұйымдарда әлі қызмет көрсетудің жарнама, сату қызметі, көлік, орналастыру, тамақтандыру сынды компоненттер жолға қойылмаған
- Туристік және көлік инфрақұрылымдарының жеткіліксіз дамуы.
- халықты жайғастыру нысандарының, санаториялық курорттық мекемелердің моральдық жағынан тозуы

- туристерге арналған тұру орындарының сапасының халықаралық талаптарға сай келмеуі
- экскурсиялық нысандарға немесе көрікті ландшафттарға баратын жолдардың нашар күйі
- шұғыл жағдайда жылдам көмек көрсету үшін сенімді жедел байланыс құралдары мен мүмкіндіктердің шалғайдағы аудандарда болмауы
- рекреациялық аймақтардың экологиялық проблемасы
- облыстағы туризмнің әлемдік нарыққа жеткіліксіз шығуы, жарнамалық ақпараттың жеткіліксіздігі

Туризмді жетілдірудің алғы шарттары.

Осы аталған мәселелер төңірегінде оларды шешу жолдарын ұсынуға болады:

- шетелдік азаматтардың виза алуын жеңілдету, оларды жергілікті жері бойынша тіркеуге алу,
- туризм кәсіпкерлеріне жеңілдетілген несие және субсидия беру,
- туризмді дамытатын көшбасшыларды оқыту. Осы мақсатта Шәкәрім университетінің “Менеджмент” кафедрасынан туризм мамандығын ашып, туризм көшбасшыларын дайындау
- таулы гидсеріктердің мектебін ашу
- еуропалық үлгі бойынша курорттардың кешенді дамуы
- туризмді дамытуға арналған бағдарламаларды мемлекет бюджетінен қаржыландыру
- облысқа туристерді шақыру үшін алдымен жарнама жасау қажет.
- турлар мен маршруттарды ұйымдастыру ондағы жолдар мен көліктерге де тікелей байланысты, әсіресе шалғай ауылдарға баратын асфальт жамылғы төселмеген жолдарды автокөліктер жүре алатындай етіп жөндеу, тұрақты қатынас орнату керек.
- Қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру [3].

Қорытындылай келе, Қазақстан әлемде туристік бағытта әлі де болса белгісіз ел. Сондықтанда Қазақстанның туристік бейнесін көтеру үшін бірқатар кең көлемде шаралар қажет. Негізгі шаралардың бірі туристік негізгі шаралардың бірі туристік фирмалар мен агентсволардың халықаралық туристік жәрмеңке, көрме конференция т.б. әлемдік деңгейдегі шараларға қатысуы және Қазақстан жерінде де өткізу. Қазақстанда Еуразияның қоғамдық және мәдениет орталығын жасау үшін конгрестік туризмді дамыту маңызды. Туризм саласында халықаралық ынтымақтастық жұмыстарын жүргізудің ЮНЕСКО және БЭСҰ бағдарламаларына қатысу, екі сондай-ақ көп жақты шет елдік мемлекеттермен келісім жасау. Туристік бет-бейнені қалыптастыру үшін туристік хабарлама орталықтарын ұйымдастыру, сондай-ақ шет елдердегі Қазақстан елшілігіндегі өкілетті тұлғаларды араластыру жұмыстарына көңіл бөлуі керек. Еліміздің туристік қуатын жарнамалауда ұлттық әуе қатынасын және басқа да транспорттық кәсіпорындарда пайдалана білу. Шет елдерде Қазақстан туралы жоғары сапалы полиграфиялық ұнтаспаларды уағыздау жұмысына көңіл бөлуі. Сонымен бірге Қазақстанда әлемдік деңгейде әр түрлі мәдениет, спорт, туристік шараларды өткізу қажет деп ойлаймын .

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аблайханова Г., Хабрахманов Р. Экотуризм в РК /Аль-Пари - №7.- 2017
2. Ердаулетов. С. Р. Основа туризма Казахстана/ Ақиқат.- № 2.- 2017
3. Шығыс Қазақстан облысының туризмінің ерекшеліктері/Деловой мир Казахстана.- №52.- 2016

М.К. Толымгожинова, Г.Т. Самиева, А.Б. Амренова
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы, gulmirasamievakabdinova@mail.ru

КОМПАНИЯДА GR-GOVERNMENT RELATIONS БАСТЫ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ

GR (Үкімет қатынастары – “Government Relations”) – бұл әртүрлі қоғамдық топтар (бизнес-құрылымдар, кәсіподақтар, еріктілер ұйымдары және т.б.) мен мемлекеттік билік органдарының арасындағы қарым-қатынастарды дамыту туралы, оның ішінде ақпарат жинау және өңдеу туралы, үкіметтік қызмет, ұсынылған топтардың ұстанымдары туралы ақпаратты дайындау және тарату, саяси және әкімшілік шешімдер қабылдау үдерістеріне (лоббизм) әсер ету.

Әлеуметтік өзара іс-қимыл саласы ретінде үкіметпен (ГР) қарым-қатынастардың пайда болуы мен өзектілігін екі өзара байланысты процестер түсіндіреді: біріншіден, қазіргі заманғы қоғамдардың ішкі құрылымының күрделенуі (әлеуметтік дифференциация, мамандандыру және т.б.), көптеген нақты мүдделерді идентификациялау және олардың негізінде түрлі топтардың пайда болуы, екіншіден, қоғамның барлық салаларына мемлекеттің араласуы, заңнамалық және әкімшілік қызметтің кеңеюі

Бірқатар мамандар мемлекеттік органдармен (GR-мамандармен) және лоббистермен қарым-қатынаста мамандар арасында нақты шекараны анықтайды. Үкіметпен қарым-қатынас саласындағы маман, ең алдымен, сыртқы саяси мүдделі тараптармен жұмыс жүргізу процесін ұйымдастырады, қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың лоббистік міндеттерін орындау үшін салалық ұйымды және консалтингтік компанияны бақылайд

Мысалы, американдық зерттеуші Б. Вул «Корпоративтік корпоративті мамандар мен мердігерлік жұмысшылар (лоббистер) арасындағы айтарлықтай айырмашылықты ұсынады, корпорация қызметкерлері жалақы алатын және бір ғана ұйымды – олардың жұмыс берушісі болып табылады деп санайды.

Корпоративтік GR мамандары көбінесе корпоративтік сатысымен – маркетинг бөлімінен, сату бөлімінен, бас кеңсені көтеріп, ал лоббист келісім шарт бойынша үкіметке жол ашады». Корпоративтік GR маманының кәсіпқой болуы қажет емес: профильді саяси мүдделі тұлғаларды білу, заңдарды қабылдау, атқарушы билік органдарының шешімдерін білу, сондай-ақ саяси тұлғалармен қарым-қатынастардың қазіргі иерархиясын білу.

Оның басты міндеті – адвокаттардың және оны білетін және жасай алатын адамдардың іс-әрекетін анықтау және ұйымдастыру. Бұл кәсіби лоббистер болудың қажеті жоқ. Ол мемлекеттік органдармен, басқарумен, акционерлермен қарым-қатынас жасау бөлімі арасында «компания-іскерлік бірлестіктер – билік» өзара әрекеттесудің жалпы жүйесін ұйымдастыру және өз компаниясында өзара қарым-қатынас жасауы керек. Мұндай маман корпорация қызметкерлерінің ақпараттың уақтылы және сапалы дайындалуына жауап береді және ақпараттық іс-шараларды жасайды (жаңалық жасаушы ретінде әрекет етеді) [1].

Үкіметпен (GR) өзара қарым-қатынас мемлекеттің барлық салаларына мемлекет тарапынан үнемі артып келе жатқан белгілі бір әлеуметтік топтарға әсер ету жағдайында мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимыл және мақсаттарын жүзеге асыру жүйесі құрылады.

GR-менеджер мемлекеттік басқару органдарының, салалық қауымдастықтар мен қоғамдық ұйымдардағы компания мүдделерін, сондай-ақ «компания-мемлекет» сайтында тиімді өзара әрекеттесу үшін жауап береді. Кейде GR компаниясының жұмыс берушілерінің үміттері мемлекеттік сатып алуға түседі, бірақ бұл функцияны түсіну өте тар.

GR компаниясының негізгі міндеттері:

- компанияның тәуекелдерін барынша азайту үшін мемлекеттік органдармен қарым-қатынасты қолдау компанияның және өнеркәсіптің мүдделерін лоббилеу,

- мемлекеттік қызметкерлермен келіссөздер жүргізу, компанияға қатысты мамандандырылған және мемлекеттік іс-шараларға қатысу,
- компанияның операцияларын әсер етуі мүмкін заңнамаға өзгерістер қадағалау, сондай-ақ іс-әрекеттер туралы ұсынымдар жасайды және компанияның ағымдағы саяси және экономикалық жағдайын позициялау,
- дағдарысты шешу және жанжалдарды болдырмау,
- компанияның беделді имиджін қолдау және мемлекеттік органдардың өкілдері арасында өз қызметін тиісті түрде позициялау [1].

Осындай мамандарға сұраныс жоғары болғанымен, нарықта күрделі тапшылық бар. Ірі халықаралық корпорацияларда, әдетте, GR-бөлімдері бар, бірақ көптеген қазақстандық компаниялар үшін бұл ұстаным толығымен жаңалық болып табылады және көптеген адамдар бұл туралы мүлдем естімеген. Ірі кәсіпорындар тіпті орта есеппе алмағанда, кейде мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста бір маман болмайды. GR-менеджердің қызметтері, әдетте, PR-қызметіне, заң бөліміне немесе бас директорға жүктеледі. Және көбінесе, иесі өзінің «жоғарыдан» байланыстары арқылы мәселелерді жеке өзі шешеді.

GR-менеджерді ұйымға тарту үшін, оның басымдықтарын нақты түсіну керек. Одан әрі олардан қандай тәжірибе мен дағдыларды талап ететінін басшылыққа алу керек. Осы лауазымға келесі салалар бойынша қызметкерлер өтініш бере алады:

1. Бұрынғы мемлекеттік қызметшілер. Олардың артықшылығы – үкіметте, әкімшіліктерде және жергілікті органдарда жақсы байланыстары бар. Бұл адамдар тиісті үкіметтік ұйымдарды жобаларымен, жоспарларымен тез таныса алады және тез арада жауап алады. Олар жақсы лоббистер анықталады. Мемлекеттік сатып алулар үшін тендер өткізудің тәжірибесі олардың күшті сапасы болып табылады.

2. Өнеркәсіптік қауымдастықтар мен қоғамдық ұйымдардың көшбасшылары. Олар өнеркәсіптегі кәсіпорынның мүдделерін дамытуға қабілетті тәжірибелі мамандар. PR және маркетинг саласындағы мамандар. Жиі ұйымдарға үкіметтік бағдарламалар мен компанияны алға жылжыту үшін қызықты жобалар бойынша коммуникациялар жүктеледі, сондықтан олар GR-ның бастапқы тәжірибесіне ие. Бұдан басқа, бұл мамандар, әдетте, кәсіпорынның стратегиясын, өнімді, насихаттау ерекшелігін жақсы түсінеді және коммерциялық ұйымда тәжірибесі бар – бұл маңызды. Бірақ, GR менеджерлерінің табыстары «шешім қабылдайтындармен» қарым-қатынас орнатудан тәуелді болады. Мемлекеттің және коммерциялық құрылымдардың құрылымы өте әртүрлі, және мұндай мамандар әрдайым лауазымды тұлғалар арасында қажетті беделге ие бола алмайды.

3. Мемлекеттік сатып алу мен тендерлерді өткізуге жауапты коммерциялық мамандар. Олардың артықшылығы - коммерциялық ұйым ақша табуға шақырылғанын түсінеді, демек, көп жағдайда келісім-шарттарды жеңуге тиіс. Сатушылар тендерлерде жақсы болады, өйткені қарым-қатынас жасау және сату мүмкіндігі олардың кәсіби «болуы керек». Бірақ салалық лоббирлеу, аналитика, бағдарламаларды ілгерілету, сондай-ақ белгілі бір кәсіпкерлікке және тұтастай алғанда салаға мемлекеттік қолдау көрсету – мәселені шешу мүмкіндігі осы санаттағы әр адамның әлеуетіне байланысты болады. Егер тапсырмалары жеңімпаз сауда-саттыққа түсуге және мемлекеттік тапсырыстарды тартуға түссе, онда мұндай менеджерлер ең жақсы нұсқа болып табылады.

4. Лоббистік тәжірибе және үкіметте жақсы қарым-қатынастары бар кәсіпорындар басшылары. Олар идеалды GR болып табылады, бірақ, әдетте, олар ұйым құрылымында ұқсас рөлге негізделмеген, себебі олар қазірдің өзінде жоғарыда орналасқан [2].

GR-мамандардың көпшілігі экономикалық білімге ие және, әрине, қоғамдық қатынастарда және мемлекеттік органдарда тәжірибе жинақтайды. Бұл лауазымға үміткер үлкен энергияға, сенімділіктің күші мен адамдарды біріктіруге қабілетті болуы керек. Ол саясаткерге ұқсайды, себебі оның кәсіби қарым-қатынастар орнату, қарым-қатынас жасау, мүдделерін алға жылжыту және ең жоғары деңгейде үнемі келіссөздер жүргізу болып табылады. Оның үстіне, мұндай адамдар әрдайым ашық болмауы мүмкін. Дегенмен, олардың харизмасы өздері ұсынатын ұйымға деген құрметті құруға тиіс.

Оң үрдіс, қазақстандық бизнес бүгінгі күні оның қызметі үшін қолайлы заңнамалық ортаны құрудан және мемлекеттік қолдау бағдарламасымен үйлесетін осындай корпоративтік саясатта қызығушылық тудырады. Ал егер мұндай мәселелер бұрын бірінші басшының немесе иеленушінің жауапкершілігі болса, қазір олардың тиімді және өркениетті шешімі үшін компаниялар кәсіби GR мамандарын тартады. Ең бастысы, олар қандай мақсаттарға жетуге бағытталғанын нақты түсіну қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Досаева А.Т. Институт лоббизма как перспективный механизм политического участия в Казахстане // Аль-Пари. - 2016.-№4
2. Досаева А.Т. GR-технологии как эффективное средство оптимизации отношений между бизнесом и властными структурами в Казахстане / А.Т. Досаева // Аль-Пари.-2015.- № 3. – С. 45-51.

ӘОЖ: 351.71

М.К. Толымгожинова, Г.Т. Самиева, Б.Е. Табигатов
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Қазақстан, Семей қаласы, gulmirasamievakabdinova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Адамзат өркениетінің қазіргі заманғы дамуы ғылыми-техникалық революцияның тағы да бір кезеңі – адамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларына оның өмірін өзгертіп, ақпараттық қоғам, жоғары әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамыған қоғамға көшуінің тұғырын және материалдық базасын құрайтын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізумен сипатталады.

Канада, Корея, Малайзия, Сингапур, АҚШ сынды алдыңғы қатарлы мемлекеттердің көбінде жалпы қоғамда, сондай-ақ қызметтің жекелеген салаларында ақпараттық даму стратегиялары немесе кешендік бағдарламалар әзірленді және іске асырылуда.

Посткеңестік кеңістікте құрылған мемлекеттер де осы қатарда. Мәселен, ақпараттандыру саласындағы Ресей Федерациясының мемлекеттік ақпараттық саясаты мен Беларусь Республикасының мемлекеттік саясатының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаты дамудың жаңа кезеңіне көші, яғни ақпараттық қоғамды құру және әлемдік ақпараттық қауымдастыққа ену болып табылады.

Әкімшілік реформалардың катализаторы және құралы ретінде қарастырылуы тиіс ақпараттық технологиялар тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құрудың негізгі жолдарының бірі болып белгіленген. Ақпараттық технологияларды мемлекеттік органдардың барлық деңгейінде қолдану бақылау мәселелерін ретке келтіруді қамтамасыз етеді, бизнес – үдерістердің және деректердің қайталануын жібермейді, нәтижесінде бюджеттік қаражат шығынын қысқартуға және халыққа көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды. Қазіргі уақытта халықпен және бизнеспен мемлекеттің диалогының және кері байланысының механизмі құрылды. Барлық мемлекеттік органдармен азаматтар мен бизнес үшін ақпаратты қамтитын интернет-ресурстар құрылды [1].

Заңды түрде мүгедектер үшін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар бектіліді. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарындағы ақпараттардың толықтығы мен сапасына бағалау жүргізілуде.

«Электрондық үкімет» порталында «Виртуалдық қабылдау» қызметі іске асырылған, онда азаматтар мемлекеттік органдарға тікелей хабарласады.

Одан басқа, Мемлекеттік органдар және Үкіметтің бірінші басшыларының блогтары жұмыс істейді, онда әрбір азамат өздерінің түсіндірмелерін қалдырып, қызықтыратын сұрақтарын қоя алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің ресми интернет-ресурсында «Бизнесті Президенттік қорғау» арнайы тарауы құрылған.

Сонымен қатар, «электрондық үкімет» порталында Үкімет мүшелерінің және билік органдары өкілдерінің қатысуымен интернет-конференция жиі өткізіледі. Осындай конференцияларда азаматтар интерактивті режимде өздерінің сұрақтарына жауаптарды алады.

Билік пен бұқараның байланысы арасындағы жаңа әдіс – электронды байланыс болуы заңды да. Соңғы жылдары дамыған әлем елдерінің озық технологиялар саласындағы жетістіктері мен прогрессивті қадамдары билік пен қоғам арасындағы байланыстың жаңаша инновациялық форматтарын дүниеге әкелді. Десек те, билік тарапынан электронды демократия орнатудың көптеген проблемалары күн тәртібінде тұрады. Ал, көне замандардан, Демокрит дәуірінен билікті қарапайым халықтың бақылай, қадағалай алуы жайлы демократиялық құндылықтар қашан да қай заманда болмасын шешімі табылмаған күрделі мәселе күйінде қалып отыр. Әлем елдерінде биліктің қоғаммен байланысында ең үздік үлгі мынау дерліктей дайын модель жоқ.

Қазақстанда «электронды үкіметті» енгізу бағдарламасының негізгі идеясы мемлекеттік ақпараттық технологияларды басқару саналады. Электронды үкіметтің стратегиялық мақсаты азаматтардың мүдделері негізінде мемлекеттік мәселелердің жүзеге асуына ықпал ету, мемлекеттік басқару процесіне белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі ішкі және сыртқы қарым-қатынасты ақпараттық коммуникативтік технология және желілік инфрақұрылым негізінде трансформациялау саналады. Бұл халыққа мемлекеттік қызмет көрсету процесінің белсенділігін арттыру, барлық азаматтардың билікпен қатынасын жетілдіру. Аталған мәселе мемлекеттік қызметті реформалауда өзекті болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы экономикалық өркендеу – ақпараттық қоғамның қалыптасуына, дамушы мемлекеттер қатарына қосылуына, ақпараттық технологияның дамуына өз ықпалын тигізеді. Азаматтардың толыққанды ақпарат алуына шектеу қоймау басты талап саналады. Ақпарат пен білім әр адамға қолжетімді болу керек. Мемлекеттік ақпараттық саясаттың қабылдануы демократиялық құндылықтар мен теңдікке, сандық теңсіздіктерге тосқауыл қоюға, әлемдік ұйымдармен араласуға жол ашады. Қоғамдық кеңістікте электронды үкіметтің дамуы мен қалыптасуына кедергі болатын жайттар бар. Технология кеңістігінде технология құрылымының, қолданып отырған тәсілдердің департаменттер мен түрлі деңгейдегі билік арасында бірігіп қолдануда кедергілер кездеседі. Экономикалық кеңістікте реттеуші механизмдерге, қаржылық модельдерге сонымен қатар ретке келтірілмеген қаржылық төлемдер электронды үкімет жұмысына кері әсерін тигізеді анық.

«Электронды үкімет» енгізудің саяси аспектілерін талдаған зерттеушілердің бірі Е.Алияровтың пікірінше, ақпараттық қоғамға көшу, «электронды үкіметті» енгізу саяси өмірге Интернеттің енуінен көрініс табады. Бұл процесті екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: Бірінші кезең – Интернетті саяси мақсатта қолдануды – ақпараттық деп атасақ болады. Екінші кезең – саяси процеске электронды үкіметтің енуі, қоғам мен мемлекет арасында кері байланыс орнауымен байқалады. Нақ осы кері байланыс туындаған мәселені шешуге, саяси жүйеге серпін береді [2].

Бірінші кезеңде саяси ақпарат Интернетке орналастырылады. Көбіне бұл саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің, жеке саяси лидерлердің газет сайттары мен журналдар, сонымен қатар электронды басылымдары мен сараптау және зерттеу ұйымдары.

Қазақстандағы «электронды үкімет» жобасының таяу болашағын қалай бағалайсыз? деген сұрақтар қойылды. Ақпараттық қоғамда азаматтық қоғам мен мемлекет, тура және өкілетті демократия арасындағы байланысты тасымалдау механизмінің қандай болу керектігі де әлі де шешімі табыла қоймаған проблема болып отыр. Интернеттің бұқаралық саяси

коммуникация құралы ретінде азаматтардың электоральдық мінез-құлқына әсерін де бір жақты бағалауға болмайды. Ақпараттық қоғамда демократияның қай түрі қалыптасатындығы саяси сарапшылар үшін әзірге беймәлім. Міне, осылайша, бүкіл әлемде, сондай-ақ, Қазақстанда да ақпараттық технологиялардың дамуы демократия теориясында қызу пікірталас тудырып отыр.

